

"DAV Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін жер учаскеге жария сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 5 маусымдағы № 27/10 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, "DAV Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтінішін қарастырып, 2023 жылғы 20 ақпанындағы пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған №1963 - ЕЛ лицензия негізінде, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "DAV Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау операцияларды жүзеге асыру үшін, Балқаш қаласы, Гүлшат кентінің солтүстік - шығысында орналасқан, ауданы 100 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан жер учаскелерді алып қоймай 2029 жылдың 21 ақпанына дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "DAV Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау (келісім бойынша).

3. "Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Косемғалиұлы Сыздықовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласының әкімі

С. Сатаев